
KazNARU
KAZAKH NATIONAL AGRARIAN RESEARCH UNIVERSITY
1929
ONAY!
СТУДЕНТТІК
ЖОЛ ЖҮРУ
КАРТАСЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ
ONAY!
СТУДЕНТ
(18 ЖАСҚА ТОЛМАҒАН)
ALMATY
A025
ONAY!
123 AG 02
СТАТУС:
18 ЖАСҚА ТОЛМАҒАН ЖОО СТУДЕНТІ

**ONAY!**

KazNARU
KAZAKH NATIONAL AGRARIAN RESEARCH UNIVERSITY
1929

# ВИРТУАЛДЫ ЖЕҢІЛДІК КАРТАСЫН ШЫҒАРУ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

Виртуалды жеңілдік көлік картасын **ONAY!** мобильді қосымшасында тікелей рәсімдей аласыз.

## Бастамас бұрын мыналарға көз жеткізіңіз:

- ONAY! мобильді қосымшасының соңғы нұсқасы орнатылған және қосымшада толық тіркеуден өткенсіз.
- Бала **eGov**-тағы немесе банк қосымшасындағы профиліңізге тіркелген.
- Бала Алматы қаласындағы ЖОО-ның күндізгі бөлімінде білім алатын студент.
- Баланың жасы: **18 жасқа толмаған.**




**СТАТУС:**
**18 ЖАСҚА ТОЛМАҒАН ЖОО СТУДЕНТІ**

ONAY!

# 1 1-қадам. «Жеңілдіктер» бөліміне өтіңіз

«Жеңілдіктер» бөліміне өтіңіз.
Мұны екі жолмен жасауға болады:

- **МӘЗІР АРҚЫЛЫ:** «МӘЗІР» → «ЖЕҢІЛДІКТЕР» тармағын таңдаңыз
- **КАРТАЛАР АРҚЫЛЫ:** «ЖАҢА ONAY! КАРТАСЫ» → «ВИРТУАЛДЫ ЖЕҢІЛДІК КАРТАСЫН АШУ» тармағын таңдаңыз






ONAY!

KazNARU
KAZAKH NATIONAL AGRARIAN RESEARCH UNIVERSITY
1929

## 2 2-қадам. Қаланы таңдаңыз

«18 жасқа толмаған ЖОО студенті» жеңілдігі тек Алматы қаласында қолжетімді. Басқа қала таңдалса, бұл санат жеңілдіктер тізімінде көрсетілмейді. Алматы қаласын таңдаңыз.



# 3 3-қадам. Қажетті жеңілдікті таңдаңыз

Экранда қолжетімді жеңілдіктер тізімі пайда болады. «Балаға» қойындысын ашып, «18 жасқа дейінгі ЖОО студенті» санатын таңдаңыз. Карта артықшылықтарымен танысу үшін оны басыңыз.




**Маңызды:**
Осы қадамды орындамас бұрын қосымшада толық тіркеуден өткеніңізге көз жеткізіңіз. Бұл қадам тек толық тіркеуден өткен пайдаланушыларға қолжетімді. Әйтпесе, толық тіркеуден өту туралы ақпараттық терезе көрсетіледі.

**Кеңес:**
Жеңілдік атауының жанындағы «?» белгішесін басыңыз. Деректер мемлекеттік базалардан (eGov) автоматты түрде жүктеледі. Ақпараттың дұрыс көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Деректер қате болса, бұл қызметтерді алу немесе картаны рәсімдеуге әсер етуі мүмкін.

# 4 4-қадам. Карта туралы ақпарат

Экранда карта туралы қысқаша ақпарат пен оның артықшылықтары көрсетіледі.
Виртуалды картаны шығаруды бастамас бұрын Пайдаланушы келісімін ашып, танысуға болады.
«Картаны ашу» батырмасын басу арқылы шарттармен келісетініңізді растайсыз.




**Назар аударыңыз:** егер бала өзі экранды аша алмаса, оған «Ата-анамен бөлісу» батырмасы қолжетімді болады.
Осы батырма арқылы картаны рәсімдеуге арналған сілтеме ата-анасына жіберіледі.






## 5-қадам. Жеңілдік картасын ауыстыру туралы ескерту

**Назар аударыңыз:** егер балада жеңілдік көлік картасы бұрыннан бар болса, жаңа карта шығарылған кезде ол автоматты түрде бұғатталады.

Егер жеңілдік виртуалды картасы бұрыннан бар болса, жаңа карта шығарылған кезде ол автоматты түрде ауыстырылады.



## 6-қадам. Талаптарға сәйкестікті тексеру

Егер шарттармен келіссеңіз, келесі қадамда талаптарға сәйкестік тексеріледі.

### 1 Егер Сіз тіркеуден өтпеген болсаңыз:

Өтінім беру процесі тоқтатылып, толық тіркеуден өтуді сұрайтын терезе көрсетіледі.




### 2 Егер бала туралы мемлекеттік базада мәлімет болмаса:

Мемлекеттік базада бала туралы ақпарат болмағандықтан, тексеру жүргізу мүмкін болмағаны туралы хабарлама көрсетіледі.



# 7 7-қадам. Карта иесін таңдау

Жеңілдік виртуалды картасын рәсімдейтін баланы таңдаңыз және eGov немесе банктің мобильді қосымшасындағы құжаттың 6 таңбалы кодын енгізіңіз.



# 7.1 7.1-қадам. Құжат кодын енгізу

**ONAY!** қосымшасында код енгізуге арналған өріс пайда болады. «Студенттік билет» құжатынан көшірілген кодты енгізіп, «Жалғастыру» батырмасын басыңыз.

> **!** Алматы қаласындағы ЖОО студенті мәртебесін растау үшін eGov немесе банк қосымшасында сақталған «Студенттік билет» құжатының кодын енгізу қажет.







**7.2-қадам.** eGov қосымшасын ашып, «Цифрлық құжаттар» бөліміне өтіңіз

**7.3-қадам.** «Студенттік билет» құжатын тауып, ашыңыз

**7.4-қадам.** eGov mobile қосымшасында «Қолжетімділікті ашу», ал банктің мобильді қосымшасында «Құжатты көрсету» батырмасын басып, құжат кодын көшіріңіз

**7.5-қадам.** Көшірілген кодты енгізу үшін ONAY! қосымшасына қайта оралыңыз

## 7.6 7.6-қадам. Өтінім мәртебесін тексеру

Егер баланың құжаты бар болса, өтінім тексеруге жіберіліп, «Менің өтінімдерім» бөлімінде көрсетіледі.

---

Егер баланың құжаты болмаса, яғни мемлекеттік базада оның Алматы қаласындағы ЖОО-да оқитынын растайтын мәліметтер жоқ болса, жеңілдік виртуалды картасын алуға берілген өтінім қабылданбайды. Қосымша сұрақтар туындаса, Call-орталыққа хабарласуға болады.






# 8 8-қадам. Баланың телефон нөмірін енгізу

- «Рәсімдеуді жалғастыру» батырмасын басып, баланың телефон нөмірін енгізіңіз. Осы нөмірге растау SMS-коды жіберіліп, аккаунт жасалады.
- Нөмір енгізу өрісінің астындағы батырманы басып, баланың деректері: аты, тегі, туған күні және ЖСН көрсетіледі.
- Нөмірді енгізуге 3 ретке дейін әрекет жасауға болады. Әрекет саны асып кетсе, енгізу уақытша бұғатталып — сәл кейінірек қайталап көріңіз.
- «Жалғастыру» батырмасы басылғаннан кейін осы нөмірге аккаунт тіркелген-тіркелмегені тексеріледі.






ONAY!

# 9 9-қадам. SMS-кодты енгізу

Баланың телефонына келген SMS-кодты енгізіңіз. Жеңілдік оның аккаунтына тіркеледі.




Құттықтаймыз! «18 жасқа толмаған ЖОО студенті» виртуалды жеңілдік картасы сәтті шығарылды. Картаны ONAY! мобильді қосымшасында толықтырып, жеңілдікпен жол жүру мүмкіндігін пайдалана аласыз.